

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ойындар

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/25735/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Дауеева Алиса

«Не ұшады, секіреді, жүгіреді?»

Мақсаты: Қоршаған ортамен таныстыру, баланың туған жерге деген сүйіспеншілігін, жанашырлығын арттыру, құстар, аңдар туралы түсініктерін одан әрі дамыту. Балалардың іскерлік қабілетін дамытып, олардың қоршаған ортадағы ерекшеліктерін танып-білуін, есте сақтау, ойлау және аңғарымдылық қабілетін дамыту.

Ұшатын, секіретін, құстар мен аңдарды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Сөздерді анық айта білуге үйрету. Жан — жануарлар мен құстарды аялауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.

Пәнаралық байланыс: тіл дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: дәстүрлі емес.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің типі: Жаңа білімді тиянақтау.

Көрнекілігі: қыс мезгілі бейнеленген плакат, суреттер, ойынға бетперделер (қарға, тиін, күшік).

Сөздік жұмыс: қарға, қарқ, тиін, жаңғақ, күшік

Балалар жарты шеңбер бойына тұрады. Ой, балалар, сендер бүгін қандай әдемісіңдер!

Қане, балалар бір-бірімізбен сәлемдесіп алайықшы.

Қуанамын менде,

Қуанасың сенде.

Қуанайық достарым,

Жарқыраған күнге!

Енді балалар, бәріміз орындыққа жайғасайық.

- Балалар айтыңдаршы, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілі.
- Дұрыс айтасыңдар, қыста не жауады?
- Қар жауады.
- Өте жақсы, қазір ауа-райы қандай болып тұр?
- Суық болып тұр, біз тоңамыз.
- Ия, тоңып қалмас үшін жылы, қалың киім киеді екенбіз. Балалар айтыңдаршы, біз далаға шыққанда қандай құстарды көреміз?
- Қарғаны, торғайды көреміз.
- Тақтадағы суреттерге қараңдаршы, қай жыл мезгілі бейнеленген?
- Қыс мезгілі
- Мына жерде не көріп тұрсыңдар?
- Қар басқан үйді, үйшікті, қар басқан талды көріп тұрмыз.
- Балалар, менің қолымдағы ненің суреті?
- Қарға-
- Қарға деп бәріміз қайталайықшы. Қарғаның тұмсығы бар, тұмсығымен су ішеді, жем шоқып жейді. Қарғаның қанаты бар, қанатын жазып ұшады. Қарға қандай дыбыс шығарады?
- Қарқ-қарқ деп дыбыстайды.
- Қарға аспанда қалай ұшады, қимылын салып көрейікші.
(Балалар қарғаның қимылын салады)
- Балалар, мына суретке қараңдаршы бұл тиін, қане қайталайықшы.
- Тиін.
- Тиіннің жүні үлпілдек, өзі сондай әдемі аң. Тиін жаңғақ жейді, қане бәріміз жаңғақ деп қайталайықшы.
- Жаңғақ.
- Тиін талдан-талға жеңіл секіреді. (Талға тиінді қою)
- Енді тиіннің қимылын көрсетейікші.
(Балалар тиіннің қимылын салады)
- Ал мынау күшіктің суреті. Күшіктің де жүні жұмсақ, әдемі, сүйкімді. Қане күшікке ат қояйықшы. Күшікке Ақтөс деп атайық. Ақтөс ет, сүйек жегенді жақсы көреді. Олар адамның досы. Егер үйге бөтен адам келсе үреді. Күшіктер қайтып үреді?
- Аф-аф деп үреді.
- Ал енді, балалар, Ақтөстің қимылын салайықшы.
(Балалар күшіктің қимылын салады)
- Балалар қарға ұшады екен, ал тиін секіреді екен, ал күшік болса жүгіреді екен. Енді біз «Не ұшады, секіреді, жүгіреді» ойынын ойнап жіберейік. Менің қолымда қарғаның, тиіннің, күшіктің бетперделері бар. (Балалар бетперделерді киіп, соған сәйкес тағамдарын тауып әкеледі)
- Жарайсыңдар, балалар, барлығың да ойынға жақсы қатыстыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Білуі: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін біледі.

Меңгеруі: Ұшатын, секіретін, жүгіретін сөздерінің мәнін түсініп, сондай қимыл жасайтын жануарлар мен аңдарды ажыратады.

Жасай алуы: Тапсырманы орындап, қимыл-әрекетін жасай алады.

Ата- аналарға арналған психологиялық тренингтер

Тренингтің мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата- ана тәрбиесінің үлесі зор екендігін түсіндіре отырып, қарым — қатынас орнату. Ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге білуге және қиындықта қол ұшын соза білуге ықпал ету.

Қатысушылар: 10-11 сынып ата-аналар

Тренинг ережесі:

- Тренингке берілген регламентті сақтау;
- Тренинг барысында бір-бірінің сөзін бөлмеу;
- Қатысушылармен бірігіп жұмыс жасау;
- Қатысушылар бір - біріне кедергі келтірмеу

Ұйымдастыру кезеңі:

1-жаттығу «Өрмекшінің торы» атты танысу тренингі

Сіздермен танысу мақсатында «Өрмекшінің торы» атты тренингін өткіземін. Мен жіптің басын ұстап қалып, өзімнің аты - жөнімді және жақсы қасиеттерімді айтамын да, келесі адамға жіпті лақтырамын. Осылайша кезектесіп жіпті бір - біріңізге бересіздер. Бір-бірімізге жіпті беру арқылы өрмекшінің торы шығады. Енді сіз алдыңыздағы адамның аты мен жақсы қасиеттерін айта отырып, кері қайтарып бересіздер.

2-жаттығу «Қар қиыршықтары»

Нұсқау: Ақ қағазды алып ортасынан бүктеймізде, оң бұрышын жыртып аламыз.Тағы да бүктеймізде оң жақ бұрышын жыртып аламыз.Осылайша мүмкіндігінше жалғастырамыз. Енді барлығымыз өзіміздің қар қиыршықтарымызды ашып қараймыз.

Талдау:

- Кімде бірдей қар қиындысы шықты?
- Жоқ, Себебі неде деп ойлайсыңдар?

— Неге бәрімізде бірдей ақ қағаз және бірдей әрекет жасасақта қарқиыршықтары басқаша шықты деп ойлайсыңдар?

— **Психолог сөзі:** Себебі, бәріміз бірдей әрекет жасағанмен біздер әртүрлі адамдармыз, әр түрлі қимылдаймыз. Ал балаларымызға келсек, әр қайсысы бөлек тұлға, әрқайсысының ойлауы, дүниетануы көзқарасы бәрі де әр түрлі. Бүгінгі жиналуымыздың бірден бір себебі ҰБТ-ға балаңызды дайындауда қолдау көрсету.

3-жаттығу «Мен үшін ҰБТ.»

Келіңіздер, осы тақырып төңірегінде пікір алмасайық.

Ата -анасы баласына ҰБТ- ден жоғары ұпай ала алмасаң, бізден жақсылық күтпе, біз саған көмектеспейміз дейді. Ал баласы ҰБТ- дан төмен ұпай жинап жүр. Осындай сөздерден оң ол ешкімді көргісі келмеді.

Сұрақ: Ата- ананың бұл ісіне қалай қарар едіңіз? Сіздің ойыңыз? Өзіңіз балаңызды ҰБТ- ге қалай дайындар едіңіз? ҰБТ -ға психологиялық ахуалды қалай жасайсыз?

4-жаттығу «Менің отбасым» жобалау әдістемесі

Нұсқау: Қатысушыларға алдын ала салынған балаларының «Менің отбасым» тақырыбына суреттерін парта үстіне қойылады. Салынған суреттердің ішінен ата -аналар өз балаларының салған суреттерін табуы қажет.

Талқылау сұрақтары:

Өз балаңыздың суретін табу қиын болды ма?

Өз балаңыздың суретін қандай элементтер бойынша таптыңыз?

5-жаттығу «Дыбыстық гимнастика»

Нұсқау: Психологтың нұсқауы бойынша берілген әріптерді хормен қайталау. Психолог айтылған әріптердің адам ағзасы үшін маңыздылығын түсіндіреді.

А – дыбысы, барлық ағзаның жұмысын жақсартады

Е – дыбысы, қалқанша безінің жұмысын күшейтеді

И –ми, көз, құлақ, мұрынның жұмысын жақсартады

О –жүрек және өкпенің жұмысын белсендіреді

Х- барлық ағзамыздың тазаруына көмектеседі

Ха – ха – көңіл күйді көтереді.

6-релаксация «Ашық хат» (алдын ала бітіруші түлектер анасына хат жазады)

Нұсқау: Балаларыңыз сіздерге деген жүрек түбіндегі лебіздері мен құрметтерін, айта алмай жүрген ойларын ашық хат бетіне түсірген болатын. Сондықтан ашық хатты оқып шығып, балаларыңызға сіздерде ашық хат жазыңыздар. Ашық хатты балаңызға айтпай жүрген еркелетін сөздермен бастап, болашаққа өмір жолына тіліктеріңізді жазыңыздар.

(Ата-аналардың жазған хаттарын конвертке салып балаларының аты-жөнін жазғызып, балаларына келесі тренингте таратып беру керек)

Психолог сөзі. Ата-аналар сіздерге бүгінгі психологиялық тренингке қатысқандарыңызға рахмет айта отырып, отбасылық амандық, балаларыңыз әрдайым сіздерді қуанта берсін деймін. Барлығымыз бірлесе отырып, алдарыңызда тұрған үлкен Тілек ағашына мектеп мұғалімдеріне, ата-аналарына, балаларыңызға деген тілектеріңізді жазып қалдырайық!

Осындай жақсы күндеріміз көп болсын, тілектеріміз қабыл болсын!

Ата-аналарға арналған психологиялық кеңес

(ақ қағаз шығарып таратып беру керек)

- Балалардың ҰБТ-дан алатын ұпай саны туралы уайымдамаңыз және балаларды ҰБТ-дан кейін сынамаңыз. Балаға тестілеуден алатын балл саны оның мүмкіншілігін тексеретін толық көрсеткіш емес екендігіне сендіріңіз.
- ҰБТ қарсаңында баланы көп мазаламаңыз – бұл тестілеу қорытындысына теріс әсер етуі мүмкін. Ата-аналарының қобалжуы балаларға беріледі. Ал егер ата-анасы жауапты кезеңдерде өз эмоцияларына ие бола алмаса, жас бала тіпті де қажып, сынуы мүмкін. Балаларды сергітіп, олар орындаған әр жақсы істері үшін мақтау айтыңыз.
- Балалардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырыңыз, себебі балалар сәтсіздіктен қорқа түскені сайын, қателіктер жіберу ықтималдығы да арта түседі.
- Балаңыздың көңіл-күйі мен денсаулығын жиі тексеріп, қадағалап отырыңыз, баланың жан дүниесін Сізден артық ешкім түсінбейді.
- Баланың дайындық режимін қадағалап отырыңыз, бала дайындық арасында дем алып отыруы тиіс.
- Баланың тамақтануына үлкен көңіл бөліңіз: баланың оймен қарқынды жұмыс істеу кезінде оған сіңімді әрі әр түрлі дәрумендері көп тағамдар жеуі керек. Балық, ірімшік, дәндер, құрма т.б. тағамдар мидың жұмыс істеуіне жақсы көмектеседі.
- ҰБТ-ы ертең тапсырады деген күні бала жақсылап дем алып, ұйқысын қандыруы керек.

- Тест кезінде мыналарға көңіл бөлуіне кеңес беріңіз:

— Қандай тапсырмалар түрі бар екенін көру үшін тестіге көзін бір жүргізіп өтсін, ол жұмысқа толық ден қоюына көмектеседі;

— Сұрақты соңына дейін оқып шығып, мағынасын түсіну керек (көбінесе балалар сұрақты соңына дейін оқымай жатып, алғашқы сөздерінен-ақ жауап беруге асығады);

— Егер берілген уақыт ішінде дұрыс жауап таба алмаса, өз интуициясына сүйенуді үйретіңіз.

Есіңізде болсын, ең бастысы - баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.

ПСИХОЛОГ

ПСИХОЛОГ-ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп,

тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші — ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

(Абай Құнанбаевтың отыз бірінші қара сөзі)

Психологиялық көмек адам өмірінің барлық кезеңдерінде қатар жүретін уақыт жетті. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құру қажеттілігі басқа түскен қиыншылықтарды кеңінен шешуге қабілеттілігі дәлелдейді:

- Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор;
- Балалардың толық құнды тұлғалық және интеллектуалды дамуына әсер етеді;
- Әр балаға жеке көңіл бөлуді қамтамасыз етеді
- Мектепке дейінгі жалпы білім берудің бағдарламасымен қатар жүреді;
- Мектепке дейінгі мекемедегі психологиялық климаттың жайлы болуын қалыптастыруға жәрдем жасайды;
- МДМ-нің педагогикалық ұжымының мүшелеріне және балалардың ата-аналарына уақытында психологиялық көмек көрсетеді.
- Балалардың мектепке дайын болуына психологиялық әсер етеді.

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттары психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру болып табылады.

Психологиялық ағартушылықтың негізгі мағынасы тәрбиешілер мен ата-аналарды баланың психологиялық дамуына жайлы жағдай жасаудың негізгі заңдылықтары мен шарттарымен таныстыруда жатыр.

Ағартушылық жұмыстың тақырыптық мазмұны ата-аналар мен тәрбиешілердің қалауынша болса, психологтың да қалауынша болуы мүмкін. **Психологиялық алдын алу** баланың даму процесі, қандай да дағдыларының қалыптасуы, пайда болған қиыншылықтары туралы уақытында хабарлауды қарастырады.

Психологиялық диагностика — бұл балаларды МДМ болған уақыт ішінде тереңдетілген психолого-педагогикалық тұрғыда бақылау, олардың оқыту және тәрбиелеу үрдісі кезінде жеке мүмкіндіктерін анықтау, педагогтарға ұсыныстар жасау және ата-аналарға тәрбиелеу, оқыту және дамуға байланысты сұрақтарды шешуге жәрдем көрсету. Диагностика әңгімелесу, бақылау, сауалнама алу, баланың

шығармашылығын талдау, тестілеу түрінде өткізіледі.

Дамыту және психотүзету жұмыстары өз жұмысында балалармен, ата-аналармен, тәрбиешілермен толық құнды психологиялық және тұлғалық дамуды қамтиды. Топпен, жеке, тренинг сабақтар, дарынды балалармен жұмыс, мектепте оқуға даярлау жұмыстары жүргізіледі.

Ақыл-кеңес беру жұмысы ата-аналармен және педагогтармен ұсыныс жасау түрінде өтеді.

3-4 ЖАСАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сюжеттік-рөлдік ойындар — 3-4 жастағы баланың тұлғалық, интеллектуалдық, жалпы психологиялық дамуында ерекше орын алатын жетекші іс-әрекет болып табылады. Бұл кезең баланың тілге, оның дыбысталуы мен мағынасына ерекше қызығушылығымен, сезімталдығымен ерекшеленетіндіктен, баланың тілін дамытуға өте қолайлы.

Бұл жастағы балалар үлкендермен қарым-қатынас жасауға өте ықыласты болады. Әртүрлі сұрақтар қойып, өздері білетін ертегілерді бар ынтасымен айтып береді. Танымдық қызығушылығы белсенді болады. Үлкендермен қарым-қатынас жасау қажеттілігі қанағаттанбаған кезде, олардың арасында эмоционалдық жатырқаушылық пайда болады. Төрт жасқа қарай бала құрдасын ортақ іс-әрекетке қатысушы есебінде қабылдайды.

3-4 жасар баланың өзін-өзі бағалауы өте жоғары деңгейде болады. Бұл — біреу оның тұлғалық қасиеттерін дұрыс бағаламаған кездегі өз-өзін қорғаудың «тұлғалық» механизмі болып табылады.

3 жас пен 4 жас аралығында баланың сенсорлық үдерісінің — сезіну мен қабылдау түрлері қалыптасады. Фонематикалық есту, түсті ажырату, көз қырағылығы, заттардың пішінін ажырату қабілеттері жетіле түседі.

Балалар заттарды ұстап көріп танудан, көзбен көру арқылы тануға көшеді. Жаңа заттарды қарап, көзбен көріп танудан сипап-сезу, есту, иіскеп көру арқылы қабылдауға ауысады.

Сөз — 3-4 жастағы балалардың сенсорлық үдерістерін дамытуда жетекші орын алады. Балалардың сөздік қорын заттардың сынын, бір-бірімен қарым-қатынасын білдіретін, мазмұнды қабылдауын қалыптастыратын жаңа сөздермен байытады.

3-4 жастан бастап баланың есі еріксіз сипатта болады. Бала материалды өзі іс-әрекетке тікелей қатысу арқылы есіне сақтайды. Бұл жастағы баланың ойлау қабілеті сапалық өзгешелігімен ерекшеленеді. Оған қиял мен шындықты ажырату қиынға

соғады. Ол — өзіншіл. Оған анимастикалық түсініктер тән. Айнала қоршаған заттардың бәрін өзімен салыстырады, олар да өзі сияқты ойлауға және сезінуге қабілетті деп ойлайды.

Нысандарды қарастыра отырып әдетте, ол заттың едәуір ашық бөлігін ажыратады.

Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларда кеңістік, уақыт, сан туралы қарапайым түсініктері қалыптаса бастайды.

3-4 жасар балалар ауа райы құбылыстары мен оның салдары арасындағы қарапайым байланыстарды түсіне бастайды. Тек қана өзі ғана емес, басқа да тіршілік иелері де тағам мен судағы қажеттілігі бар екенін түсінеді. 3-4 жасар балаларда құрастыру әрекеті әлі де ойынмен бірге ұштаса отырып жүргізіледі. Әр түрлі материалдарды қолдану барысында балалар олардың қасиеттері мен құрастырудың ерекшеліктерін танып-біледі.

Бұл кезеңде балалар қарапайым қол еңбегі түрлерінің әдістерін меңгереді (бүктеу, умаждау, жырту және ұсақ-түйектерді қолдан жасау).

Төрт жасқа қарай балалар көркем шығарма мәтінін эмоционалды және тұтастай қабылдайды. Оның материалды қаншалықты түсінгендігі сөйлеу тілінде ғана емес, заттарды ажырату және ойын әрекеттері үстінде байқалады.

Бала үшін бейнелеу өнері — өзі жасаған бейнелер. Бұл бейнелер баланың өзі сияқты дербестігімен, ашықтығымен ерекшеленеді.

Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу барысында сызықтар мен пішіндер тіріліп, баланың көз алдында жағу, сызу арқылы бейнеге айналады. Бала сызықтарды, пішіндерді, түсті дақтарды, жағуларды қолданып, қарапайым сюжеттерді бейнелей алады.

Бұл кезеңде көп балалардың музыкаға ықыласы жоғары деңгейде болғандықтан, музыка мәдениетін меңгертуге өте қолайлы.

Мектепке дейінгі кіші жаста баланың моторлық қызметтері қарқынды дамиды. Балалардың қозғалыс белсенділігі іс-әрекет дербестігінің жоғары деңгейлігімен сипатталады.

3 жастан бастап нақты және саналы қызығушылығы біліне бастайды, бұл кезеңде бала өзіндік еркі бар жеке адам екенін түсіне бастайды. Ми қызметі мен психикалық қызметі қарқынды дамуын жалғастырады, мінез-құлқында өзгерістер пайда болады. Көркем шығармаларды қабылдауы мен музыкаға деген ықыласы артады. Бұл баланың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Көпшілікпен ойнайтын ойындарға қызығушылығы арта түседі.

Үш жасар бала — қажымас қайраткер, ол желімдеуге, мүсіндеуге, сурет салуға дайын, бірақ ұзақ әңгімелер мен түсіндірулерді қабылдай алмайды.

3-4 жасар баланың тұлғалық дамуының базистік мазмұны өзінің көпқырлылығымен, әрдайым даму үстінде және әр жас кезеңінің өзіндік мазмұнының ерекшеленуімен сипатталады.

3-4 жастағы балалардың тұлғалық, базистік сипаттамасына құзыреттілік, эмоционалдылық, бастамашылдық, дербестік жатады.

Құзыреттілік. Бала төрт жасында әлеуметтік құзыреттіліктің белгілі деңгейіне жетеді: басқа адамға қызығушылығын білдіреді, оған сенеді, үлкендермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасауға тырысады. Басқа адамдармен байланыс орнату үшін қатынасудың тілдік және тілдік емес (көзқарастар, ым, ишара, мәнерлі қылықтар мен қозғалыстар) тәсілдерін қолданады. Өзінің қай жынысқа жататынын түсінеді («Мен ұлмын», «Мен қызбын»).

Біліктілік құзыреттілігі баланың қоршаған әлемді танып-білу мақсатында әртүрлі сұрақтар қойып, белсенді қызығушылық танытуынан көрінеді. Ол әртүрлі тұрмыстық заттар мен ойыншықтарды ерекшеліктеріне (түсі, пішіні, көлемі, фактурасы, құрылымы), қызметіне қарай қолданып, байқайды. Сонымен қатар ауызша сипаттай алады (үлкен, әдемі, дөңгелек, т.б.).

Ана тілін меңгеру негізгі грамматикалық санаттар мен сөйлеу тілін меңгеруімен сипатталады.

Екінші тілді меңгеру. Мектепке дейінгі кіші жастағы бала екінші тілдің неге керек екендігін түсінбейді. Сондықтан оны меңгеруді алдына саналы түрде мақсат етіп қоймайды. Ол балалардың өзге тілді адамдармен қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады.

Екінші тілді меңгеру үдерісі баланың үлкендермен және басқа балалармен қарым-қатынасындағы тұлғалық, танымдық, ойын іс-әрекеті қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында құрылады. Осы мақсаттағы қарым-қатынас баланың тілдік ортаға тікелей қатысуымен жүргізілуі керек. Бірлескен іс-әрекет қуану, үлкендермен, құрдастарымен ынтымақтасу, олармен қарым-қатынасына қанағаттану негізінде қалыптасады.

Дене қызметін дамытудағы 3-4 жастағы балалардың құзіреттілігі олардың өмірлік маңызды қозғалыс түрлерін (жүру, жүгіру, өрмелеу), қарапайым гигиеналық және өзіне қызмет көрсету дағдыларын меңгеруімен анықталады.

Эмоционалдылығы. Балада үлкендермен эмоционалдық қарым-қатынас жасау қажеттілігі жоғары болады. Өзінің түрлі көңіл күйі мен сезімін (қуаныш, реніш, қорқыныш, таңқалу, рақаттану, т.б.) ашық көрсетеді.

Бастамашылық баланың тіршілік әрекетінің барлық салаларында: қарым-қатынаста (үлкендерге бастамашылық қарым-қатынас: сұрақтар қою, өтініш жасау, т.б.), заттық-

тәжірибелік әрекет (заттар мен материалдар: бояу, қағаз, ермексаз, конструкторлармен эксперимент жасау арқылы байқап көру), өз бетінше құрастырған сюжетті-бейнелеу ойындарында көрінеді. Осы әрекеттер арқылы баланың шығармашылық қабілеті дамиды.

Дербестік — 3-4 жастағы балалардың маңызды ерекшелігі («Мен өзім», «Қолымнан келеді»). Олар барлық іс-әрекет түрлерінде үлкендерге еліктеп, оларды қайталайды (өзі тамақтанады, киінеді), мақсатты бір іс-әрекетке қызығушылықпен кіріседі (ыдыс жуады, кір жуады, дүкеннен сатып алады және т.б.).

Үлкендер баланың белсенділігін қолдап, ынталандырып отырумен қатар, әр кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Өйткені бала айтылған ескертулерді ескере бермейді, сондықтан үлкендер қауіпті жағдайлардың алдын алу шараларын ұмытпағаны жөн (зақым келтіретін, жаралайтын, сынатын немесе кесетін заттарды алып қою, шкафтардың есіктерін жабу және т.с.с.).

3-4 жасар баланың психологиялық портреті

Сана-сезім дамыту мен «Мен» деген өзіндік ерекшелігін белгілеу жеке тұлғалық дамытуды ынталандырады. Балақай өзінің кім екенін, қандай екенін сезіне бастайды. Өзінің мінез-құлқына және үлкен адамдардың әлеміне қызығушылықпен саналы түрде қарап, қоршаған ортаға байланысты баланың өзінің ішкі көзқарасы қалыптасады.

БАЛАЛАРМЕН ҮЙДЕ ӨТКІЗЕТІН САБАҚТАР

Балалармен үйде өткізілетін тіл дамыту сабақтары қызғылықты ойын түрі ретінде өткізілуі тиіс. 3 жастағы балаларға арналған үйдегі тіл дамыту ойындары мынадай бағыттарға бөлінуі керек: 1) баланың ойлау қабілетін дамыту, 2) баланың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту, 3) тілдік сезгіштігін дамыту, 4) грамматикалық қателердің алдын алу, 5) өз ойларын байланысты түсіндіре алуын дамыту, 6) барлық дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық аппаратты дамыту.

Норма бойынша 4 жасқа келген бала ішінде, үстінде, астында, жанында, артында, алдында, арасында деген (мекен үстелер) ұғымдарды дұрыс қолдана білуі тиіс. Бірақ кейбір балалар арнайы тіл дамыту сабақтары мен ойындары болмаған жағдайда мекен үстеулерді қолданғанда қиналады немесе оларды шатастыра береді (мысалы, «үстелдің үстіндегіге» үстелдің ішінде дейді немесе жай ғана «мында» деп жауап береді және кейде дұрыс жауабын білмесе саусағымен көрсетеді.

Балаларға бұл мекен үстеулерді дұрыс қолдануға үйрету тіл дамыту ойындарын қолдансаңыз оңайға түседі. 3-4 жасар балалардың барлығы ойнауды жақсы көреді және ойнап отырып жақсы ұғып алады. Ең жақсы жақсы көретін ойындары — жасырынбақ ойыны. Бұл бәрімізге белгілі қызықты, көңілді ойын арқылы мекен үстеулерді қолдануға

тез үйретуге болады.

Келесі ойын түрі «Жұмбақтар»

1 нұсқа.

Үстелдің үстіне қорап қойып, сол қораптың ішіне бірнеше ойыншық саласы, бірнеше ойыншықты қораптың үстіне қоясыз, бірнешеуін қораптың астына, бірнешеуін қораптың жанына қоясыз. Балаға жұмбақты шешуге ұсынасыз. Мысалы: «Мына ойыншық қораптың ішінде жатыр. Ол үлкен». «Бұл доп!» — деп тапқанына қуанады бала. Қораптың ішінде екі-ақ ойыншық үлкен доп пен кішкентай қоян.

«Ал енді сен маған жұмбақ жасыр», — деп ұсынады анасы. «Бұл қораптың үстінде», — дейді үш жасар бала. Сіз сұраңыз: «Ол ұзын ба?» «Жоқ», — дейді балақай. «Ал ол қызғылт сары ма?» — деп сұрайсыз Сіз. Ол: «Иә», — дейді. Сіз: «Мен таптым, бұл апельсин!» — дейсіз.

Бұл ойында мекен үстеулерді қолданып заттың нақты орналасқан орнын көрсету керек. Тапсырманы күрделендіру үшін көбірек заттарды салып, түсін, формасын, көлемін әр сынды қылу керек. Сіздің балаңыз заттарды қойып, Сізге жұмбақ жасыруды қуана-қуана істейді — рұқсат беріңіз. Сізді үйрете отыра, өзі үйренеді! Одан басқа 3 жасар бала ойыншықтарға жұмбақ жасырып отыра, әсіресе егер ойыншық қателесе беретін «түсініксіз» болса. Ойыншықтардың қателерін түзетіп, баланың өзі ол қателерді жібермейді.

«Не өзгерді?» ойыны.

Үстелдің үстіне бес ойыншық қоясыз. Мысалы, аюды ойыншық машинаға отырғызыңыз, қоянды машинаның ішіне, қуыршақ пен түлкіні машинаның жанына, ал бақаны машинаның астына отырғызып қойыңыз.

Балаға кім қайда екенін есте сақтауды ұсыныңыз. Сосын балаға теріс қарап, көзіңді жұм дейсіз (көзін байлауға болады). Сол кезде ойыншықтардың орындарын ауыстыра қойыңыз. Көзін ашқызып, не өзгергенін сұрайсыз. «Аю машинаның үстінде отырды, ал қазір машинаның астында отыр». Ал бақа машинаның астында отырған, ал қазір машинаның үстіне секіріп кетіпті. Баланы мақтаңыз: «Сен қалай тез біліп қалдың, жарайсың!». Ал енді менің кезегім сен маған тапсырма бер, мен айтайын. Енді Сіз көзіңізді жұмасыз, бала ойыншықтардың орындарын ауыстырады, Сіз не өзгергенін айтып бересіз. Егер бала не өзгергенін айтуға қиналса, көмектесіңіз: «Есіңе алшы, аю қайда отырып еді? Ал қазір қайда отыр. Тамаша, жарайсың!». Ойынды бірнеше рет, әр түрлі ойыншықтар мен заттарды ауыстырып қайталауға болады.

3,4 ЖАСАР БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

Барлық ата-аналарға белгілі жағдай — бала достарына зообаққа барғаны туралы әңгімелейді: «Біз піл көрдік, ол маған күлімдеді, тұмсығымен былғап шақырды. Сосын ол балмұздақ жеді...». Сіз ше таң қалып тұрсыз — мұндай жағдай болған жоқ қой деп. Осындайда таңданып күлуге болмайды. Одан да жаманы — баланың сөзін бөліп, «Олай болған жоқ қой» деуге болмайды. Баланың бар өмірі — ойын, ал ондай өмірде әрқашан фантазияға орын бар. Ойын деген — елестетілген жағдаят емес пе. Үнемі мұғалім, дәрігер, ана, жүргізуші немесе директор бола бермейді ғой. Мүмкін ол ер жеткесін жаңа машина ойлап табатын шығар немесе құрастырғыш болып, жаңа көпір ойлап табар? Кім біледі! Баланы фантазия ықтырып әкетеді деп үрейленбеңіз. Ол орнына келетін жайт. Ал балада барлау, зейінділік, шығармашылық ойлау қабілеті қалыптасады.

«Түрленген бұлттар» ойыны — бұл ойын шығармашылық елестету мен түгелдей қабылдау қабілетін дамытады.

Қалай ойнау керек: бұлттарды бақылайсыз. Олар неге ұқсайды? Олар қандай? Көңілді ме, көңілсіз бе? Неге? Баламен бірге елестетесіз. Оны мақтап отырыңыз.

Бекітеміз: бұлттың суретін салып баладан неге ұқсайтынын сұраңыз. Жылқыға ма? Онда құйрығын сала ғой. Қоянға ма? Онда құлақтарын сала ғой. Бұлт туралы өлең, тақпақты еске түсіріңіз. Мүмкін бұлт ертедегі ғажайып құсқа немесе жануарға ұқсайтын шығар?

Күрделендіреміз: бұлт туралы ертегі ойлап шығарыңдар.

Одан басқа «Кляксография», «Дөңгелектер», «Мен кімін, ойлап тап», «Айналдыру», «Әңгімешіл суреттер», «Көңілді суреттер», «Кім қандай маман болады», «Үй театры», «Ертегі сандықшасы», «Қораптағы театр», «Пайдалы тақпақтар» сияқты көптеген ойындар қолдануға болады.

Ата-аналарға арналған тренинг

Мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Тапсырма:

1. Ата-аналармен ұстаздардың кездесуі;
2. Ойынға қатусышылар арасындағы қарым-қатынасты орнату;
3. Жанұядағы тәрбие жайында пікір алмасу:

I бөлім.

1. *Кездесу* (жай әуенмен 2 шеңбер болып қарама-қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап баланың қасиетін айтады)
2. *Ассоциация Жанұя* (доп беру арқылы ата-ана жауап береді)
3. *Қызықты сурақтар:*
4. Балаңыздың туған күні?
5. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні?
6. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
7. Балаңыздың парталас көршісі кім?
8. Бүгін сабақтан қандай баға алды?
9. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
10. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
11. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
12. Балаңыз 1-сыныпқа қай жылы барды?
13. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
14. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

Балаңы жастан бақпасан,

Жамандықтан қақпасан.

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек, — дегендей, баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз-ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана.

II бөлім. Жалпылау. Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру.

- иә десеңіздер – қолдарыңызды шапалақтаңыз;
- жоқ десеңіздер – аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1) Газет бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадын тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?

2) Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата – ана бірдей ықпал жасай-ма?

- егер жанұя десеңіздер жымыңыз.
- Егер қоршаған орта, қоғам десеңіздер қолды алдымызға соғамыз.

3) Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?

- егер «әке» десеңіздер, қолды алдымызға соғамыз.
- Егер «шеше» десеңіздер, жымыңыз,
- Егер «екеуі» десеңіздер, қолдарыңызды шапалақтаңыз.

Ой жинақтау (плакат, фломастер, қала)

1) Баланың дамып жетілуіне қандай тәрбие әдістерін қолданасыз.

2) Бала үшін мұғалім мен ата-ана арасында қандай қарым-қатынас болу керек?

(Сурет – схема арқылы өз ойларын талдайды)

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдыңа алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой — өлкесі, — деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен.

Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейк және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екендігімізді ұмытпайық. Сондықтан да, мына жайттарды ескерейк:

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланысын табуға көмектесу;
2. Балаға маман тарапынан тағылған мін, ескертулерді шын пейілмен түсіну

және түсіндіру;

3. Баланы ағза қызметінің қалыптасуымен мұқият таныстыру;
4. Маманмен кездесу.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.